

ӘОЖ 80

ГТАХР 16.21.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.023>

ОТБАСЫ КОНЦЕПТІ ИРЛАНД ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘЛЕМІНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕ

*Тортай Ш.А.¹, Розиева Д.С.²

*^{1,2} Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ және ирланд мәдениеттеріндегі *отбасы* концептісінің лингвомәдени ерекшеліктері салыстырмалы талдау арқылы қарастырылады. Зерттеу өзектілігі – отбасы ұғымының екі ұлттың мәдениетінде алатын орны мен тілдік көрінісін зерттеу арқылы әлемнің тілдік бейнесін тану, ұлттық дүниетаным мен құндылықтар жүйесін ашу қажеттілігінде. Зерттеудің мақсаты – қазақ және ирланд мәдениеттеріндегі *отбасы* концептісінің мазмұндық құрылымын, семантикалық өрісін, мәдени-тілдік ерекшеліктерін анықтау және ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсету.

Зерттеу барысында лингвомәдени талдау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер екі ұлт мәдениетіндегі *отбасы* концептісінің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу материалы ретінде түсіндірме сөздіктер, терминологиялық сөздіктер, қазақ және ирланд халықтарының мақал-мәтелдері, нақыл сөздері мен тұрақты тіркестері пайдаланылып, сарапталды. Сөздіктер негізінде *отбасы* ұғымының биологиялық, әлеуметтік, құқықтық және мәдени сипаттарын қамтитын кең семантикалық өрісі анықталды.

Сонымен қатар, *концепт* ұғымының ғылыми негіздері мен теориялық аспектілеріне шолу жасалып, *концепт* - белгілі бір халықтың тарихи, мәдени, тілдік тәжірибесін жинақтайтын менталды құрылым ретінде сипатталды.

Зерттеу қазақ және ирланд мәдениеттеріндегі *отбасы* концептісін үш семантикалық өріске, атап айтқанда, отбасылық қатынастар, тұрмыстық өмір элементтері және абстрактілі ұғымдар ретінде берілген. Екі мәдениетте де отбасы – махаббат, бірлік, қамқорлық пен рухани байланыс символы ретінде көрініс табады. Сондай-ақ, қазақ мәдениетінде отбасылық бірлік, үлкенді құрметтеу, дәстүрге адалдық, ұрпақ сабақтастығы басым болса, ирланд мәдениетінде - дербестік, еркіндік пен жеке жауапкершілік, отбасылық жылулық, бірлік, қауіпсіздік құндылықтары көрініс тапқаны анықталды. Талдау нәтижесінде отбасы концептісі ұлттық мәдени дүниетанымның маңызды құрамдас бөлігі екені анықталды.

Мақала нәтижелері когнитивтік лингвистика, этнолингвистика және лингвомәдениеттану салаларындағы зерттеулер үшін теориялық маңызы бар. Зерттеудің практикалық құндылығы алынған деректерді салыстырмалы лингвистика, семантика және мәдениеттану пәндері аясында концепттерді зерделеу барысында, сондай-ақ гуманитарлық цикл пәндеріне арналған оқу материалдарын әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Тірек сөздер: отбасы, концепт, ұлттық дүниетаным, қазақ мәдениеті, ирланд мәдениеті, әлемнің тілдік бейнесі, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, семантикалық өріс

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өртүрлі халықтардың дүниетанымын, мәдени құндылықтарын және өмір сүру салтын түсіну үшін әлемнің тілдік бейнесі мен концепт ұғымдарын талдау маңызды орын алады. Әлемнің тілдік бейнесі – бұл белгілі бір ұлттың болмысын, дүниетанымын және мәдени ерекшеліктерін бейнелейтін күрделі құрылым. Осыған орай, концепт – белгілі бір мәдениетке тән құндылықтарды, түсініктерді және әлеуметтік тәжірибелерді жинақтайтын ұғым ретінде зерттеушілердің назарын аударады.

Отбасы – кез келген қоғамның негізгі ұясы, адамзаттың мәдени және рухани құндылықтарының сақтаушысы. Әрбір халықтың отбасы туралы өзіндік түсінігі мен көзқарасы бар, ол оның тілінде, мәдениетінде және фольклорында көрініс табады. Әрбір халықтың әлемдік тілдік бейнесі оның ұлттық менталитетінің көрінісі болып табылады. Концепт менталдық категория ретінде дүниетаным, мәдениет, дәстүр, наным-сенім, қиял және халықтың тарихи тәжірибесімен сабақтас ұлттық ерекшеліктерге ие. *Отбасы* концепті ирланд және қазақ мәдениеттерінде маңызды орын алады. Отбасылық құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің маңыздылығын ескере отырып, екі халықтың отбасылық дәстүрлерін салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау олардың ұлттық дүниетанымындағы зерттеліп отырған концептінің мәдени-танымдық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Осы зерттеу жұмысында салыстырмалы-талдау әдісі мен лингвомәдени талдау әдісі қолданылды. Салыстырмалы-талдау әдісі арқылы қазақ және ирланд халықтарының *отбасы* концептісіне қатысты тұрақты тіркестері және мақал-мәтелдері салыстырылып, олардың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері анықталды. Бұл әдіс екі мәдениеттегі отбасылық құндылықтарды, дәстүрлерді және дүниетанымды салыстыруға мүмкіндік берді.

Лингвомәдени талдау әдісі қолданылып, зерттеліп отырған *отбасы* концептісіне қатысты мақал-мәтелдердің мәдени негіздері, дүниетанымдық ерекшеліктері, құндылықтары мен концептілік сипаттары зерделенді. Атап айтқанда, ирланд мәдениетінде дербестік пен еркіндікке ұмтылу құндылықтары маңызды орын алса, қазақ мәдениетінде отбасылық дәстүрлерге сүйену және үлкендердің тәжірибесіне негізделу басымдыққа ие екені анықталды.

Зерттеу материалы ретінде қазақ және ирланд тілдеріндегі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер және нақыл сөздер пайдаланылды. Ирланд мақал-мәтелдері әртүрлі сөздіктерден және интернет көздерінен алынса, қазақ мақал-мәтелдері қазақ тіліндегі әдеби шығармадан (Ш.Мұртазаның *Ай мен Айша* романы) және сөздіктерден алынды. Сонымен қатар, екі халық тілдеріндегі зерттеу материалдарының мазмұны мен қолданылуын салыстыра отырып, олардың мәдени мәні мен ерекшеліктері анықталды.

Бұл әдістерді қолдану зерттеудің мақсаты мен міндеттерін орындауға, сондай-ақ қазақ және ирланд халықтарының *отбасы* концептісін мәдени және тілдік тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Отбасы сөзінің семантикалық мағынасының сөздіктерде берілуі:

Отбасы сөзінің семантикалық мағынасын анықтау үшін әр түрлі сөздіктерге жүгінеміз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: *отбасы* - бірге тұратын туысқан адамдардың тобы (ерлі-зайыпты адамдардың әкешелері мен бала-шағалары, туған-туысқандары) [1]; Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігінде - *отбасы* – бала тәрбиесін жүзеге асырумен бірге, басқа да қоғамдық маңызды қажеттіліктерді қанағаттандырудағы некелік немесе туыстық қарым-қатынастармен байланысқан адамдар тобы делінген [2].

Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздікте – неке, туыс, бала асырап алудан немесе баланы тәрбиеге алу басқа да нысандардан туындайтын мүліктік, мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы деп берілген [3].

Жанұя, отбасы, үйелмен, түтін, үй іші, шаңырақ - бір ата-ананың өрен-жараны, бала-шағасы. Арақ ішуден жанұядағы ұрыс, жанжал, ең аяғы кісі өлтіруге шейін ұласады (*Жас Алаш*). Қален - отбасына тыныш, қатын-балаға кең, мейірбан кісі (Ө. Нұрпейісов). Осы бір бөлмелі үйде Ақмола ауданынан келген Асанбаев деген ағайдың үйелмені тұрды (*Жұлдыз*). Қажы атамның әулеті қазір жетпістен астам түтінге жеттік (*Қазақстан коммунисті*). Еліме барып, сонау татар жерінен үй ішімді көшіріп алып келдім (Халық кеңесі), Құлан - бір шаңырақтан қалған жалғыз жігіт (М. Хасенов). Семья

атауына *жанұя* деп ойдан сөз қиыстырғаннан гөрі туыс тілдерден көбінде айтылатын *әйел* деген баламасын қолданғанымыз тиімді болмақ (*Ана тілі*). *Жанұялы, үйлі-баранды, үйлі-жайлы, үйлі-күйлі, балалы-шағалы, әйелді* - Өз алдына бас құрып, үй болған, үйлі-күйлі. Сержан - жоғары білімді маман, жанұялы, әйелі, екі ұлы мен бір қызы бар (*Егемен Қазақстан*), Тұрғын жайлар әуелі үйлі-баранды адамдарға берілген (Н. Ғабдуллин). Үлкен ұлы үйлі-жайлы болып, өзімен-өзі болып кеткеніне көп болған (А. Хангелдин). Олар ер жеткен соң, өз беттерінше үйлі-күйлі болып кетер (С. Мұратбеков). Әрқайсысы әлдеқашан балалы-шағалы, өз алдына ақар-шақар үй боп кеткендер (Д. Әбілев). Біздегі құрылыста істейтіндердің басым көпшілігі - әйелді, балалы-шағалы жандар (*Жеміс*) [4].

Берілген анықтамалардан байқағанымыз, *отбасы* ұғымының семантикалық өрісі биологиялық, әлеуметтік, құқықтық және мәдени аспектілерді қамтиды. Сөздіктердегі анықтамалар негізінен екі бағытта, атап айтсақ, отбасының негізгі мүшелеріне (ата-ана, балалар) негізделген тар мағынада және кең мағынада – әулет, туыстық қатынастар, некеге негізделген қоғамдық институт ретінде дамиды.

Енді *family* ұғымның ағылшын тілді дереккөздерде қалай анықталатынын талдайық. Oxford English Dictionary (OED) сөздігі бойынша *family* сөзі келесі мағыналарда қолданылады [5]:

1. people related to each other, especially a father, a mother, children. - Адамдардың бір-бірімен туыстық байланысы бар тобы, әсіресе анасы, әкесі және олардың балалары.

Do you know the *family* next door? - Сіз көрші тұратын *отбасын* білесіз бе?

The family of Webb still owns a farm over there. - Уэбб **отбасы** әлі күнге дейін сол жақтағы фермаға иелік етеді.

This house is not big enough for a family of seven. - Бұл үй жеті адамнан тұратын **отбасы** үшін жеткіліксіз.

2. all the relatives, including those who are dead now. - Барлық туыстар, оның ішінде қайтыс болғандары да.

- *I am leaving for Detroit because I have some family there.* - Мен Детройтқа көшіп жатырмын, өйткені онда менің біраз туыстарым бар.

The painting has been in our family for two hundred years. - Бұл картина біздің отбасымызда 200 жыл бойы сақталып келеді (=отбасымызға тиесілі).

Asthma runs in our family. - Астма біздің отбасымызда тұқым қуалайды.

Сонымен, *family* ұғымы қазақ тіліндегі *отбасы, жанұя, әулет* сөздерімен сәйкес келеді.

Талқылау

Қазіргі лингвистикада концепт мәселесі маңызды зерттеу объектілерінің бірі болып табылады. Концепттер тіл мен мәдениеттің өзара

ықпалдастығын зерделеуде негізгі теориялық категориялардың бірі ретінде қарастырылады, себебі олар ұлттық сананың мазмұнын бейнелей отырып, тіл арқылы көрініс табады.

Концепттің күрделілігі мен көпқырлылығын зерттеушілер түрліше түсіндіреді. Мәселен, В. В. Колесов концепттің семантикалық мағына қалыптасуының бастапқы нүктесі, әрі дамуының соңғы шекарасы екенін атап көрсетеді [6]. Өз кезегінде, Н. Д. Арутюнова концепт - бұл күнделікті философиялық сана бірлігі, ол мәдени тұрғыдан маңызды, аксиологиялық бояуға ие және дүниетанымдық бағдарға негізделген деп анықтайды. Мұндай концепттер тілде бекітіліп, этностың рухани мәдениетінің тұрақтылығы мен сабақтастығын қамтамасыз етеді [7]. Осылайша, Н. Д. Арутюнова анықтамасынан түйгеніміз - концепт жай лексикалық бірлік қана емес, тілмен интеграцияланған, халықтың мәдени әрі философиялық көзқарастарын бейнелейтін менталдық құрылым ретінде қарастырылады. Ол мәдени тәжірибе мен құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Отандық ғылымда да концепт, тіл мен мәдениет арақатынасы мәселесі кеңінен зерттеліп келеді. Мәселен, Г. Смағұлованың еңбектерінде мәдениет пен тілдің өзара ықпалдастығын сипаттайтын теориялық тұжырымдар жан-жақты негізделіп, бұл бағыттың әдіснамалық ұстанымдары анық көрсетіледі [8]. С. Е. Исабеков өз зерттеуінде концепт және фрейм теориясына, тіл мен таным байланысына, сондай-ақ ұлттық мәдениетті тіл арқылы тану мәселелеріне арнайы көңіл бөліп, концептіні – ойлау жүйесіндегі маңызды бірлік, ал фреймді – осы концептінің құрылымдық-танымдық моделі ретінде қарастырады [9]. Ал Д. Т. Курманбаева көркем мәтіндегі кеңістік пен уақыт категорияларын концептуалдық жүйе ретінде алып, олардың тілдік репрезентациясын когнитивтік-талдамалық тұрғыда зерделейді [10].

Отбасы ұғымының әртүрлі мәдениеттердегі әлемнің тілдік бейнесінде қалай көрініс табатынын зерттеу барысында, мәдени құрылымдардың тіл арқылы қалай бейнеленетініне ерекше назар аудару қажет. Н.Ф. Алефиренко мен К.К. Стебунова - тілдік әлем бейнесінің мәдени домендер арқылы қалыптасып, тілде символдық түрде бейнеленетінін атап өтеді. Бұл тұжырымдама отбасы ұғымын тек лексикалық бірлік ретінде ғана емес, сондай-ақ мәдени – этникалық, тарихи факторлармен әсерленген мәдени концепт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, осылайша оны ирланд және қазақ тілдеріндегі тілдік бейнелеудің маңызды компоненті ретінде зерттеуге жол ашады [11].

Әр халық әлемінің тілдік бейнесі оның ұлттық менталитетінің көрінісі болып табылады. Концепт менталдық құбылыс ретінде халықтың дүниетанымы, мәдениеті, әдет-ғұрыптары, сенімдері, қиялы мен тарихымен тығыз байланысты ұлттық-ерекше сипаттарға ие.

Қазақ халқының дүниетанымы мен рухани құндылықтарының маңызды аспектілерінің бірі - отбасы ұғымы. *Отбасы* концептісі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер арқылы терең мән-мағынаға ие болып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді.

Халық даналығының көрінісі болып табылатын мақал-мәтелдер отбасының құндылығын, оның қоғамдағы орны мен маңыздылығын айқын көрсетеді. Мысалы:

Елін сүйер сеніңіз, өз отбасын сүйе алған, Отан - қуат, отбасы – шуақ. Бұл мақал-мәтелдерден көрініп тұрғандай, қазақ халқының дүниетанымында *отбасы* концептісі тек жеке адамдар арасындағы қатынастармен ғана шектелмейді. Ол кең мағынада қоғамның тірегі, ұлттық мәдениеттің негізі, халқымыздың ұлттық сана-сезімінде отбасын қорғау мен сыйлауды Отанды сүюмен қатар қоятынын дәлелдейді.

Ирланд мақал-мәтелдеріндегі *отбасы* концептісі:

Ирланд халқының мақал-мәтелдері отбасын жылы әрі қорғанышты орын ретінде сипаттайды. Олар көбінесе үйдің жайлылығы мен отбасылық байланыстың беріктігін айқындайды. Мысалы [12]:

A family is a haven of rest, a sanctuary of peace, and most of all, a harbor of love.

Бұл мақалда отбасы жан тыныштығын табатын орын ретінде көрсетіледі. *Heaven of rest* және *sanctuary of peace* тіркестері отбасының бейбітшілік пен тыныштық ордасы екенін көрсетеді. Сонымен қатар, *harbor of love* деген сөз тіркесі отбасының басты құндылығы – махаббат екенін айқындайды. Ирланд мәдениетінде отбасы тек тұрмыстық байланыс емес, рухани қолдаудың да негізі болып табылады.

There is a fireside like your own fireside (Өз ошағыңнан асқан ошақ жоқ) - бұл мақал адамның өз үйінде ғана жайлылық пен жылулықты сезіне алатынын білдіреді. Ирланд мәдениетінде үй ошағы (fireplace) – жылулық пен қауіпсіздіктің символы. Бұл ұғым ежелден келе жатқан дәстүрлерге байланысты, өйткені ирланд халқы үшін отбасы мен үйдің құндылығы ерекше орын алады. Бұл жерде отбасы мүшелері бір-бірімен уақыт өткізіп, әңгімелесіп, бір-біріне қолдау көрсетеді.

Blood is thicker than water - бұл кең таралған мақалды ирланд мәдениетінде де жиі кездестіруге болады. Ол отбасылық байланыстардың кез келген басқа қарым-қатынастан маңызды екенін білдіреді. *Blood* (қан) сөзі туыстық байланысты білдірсе, *water* (су) сыртқы байланыстарды немесе достықты білдіруі мүмкін.

Сонымен, қазақ және ирланд халықтарының мақал-мәтелдеріндегі *отбасы* концептісі ұқсас құндылықтарды көрсетеді. Екі мәдениетте де отбасы – сүйіспеншілік, қорғаныш, жылулық пен рухани қолдаудың қайнары ретінде қабылданады. Қазақ мақал-мәтелдерінде отбасы қоғамның

негізі ретінде сипатталса, ирланд мақал-мәтелдері оны тыныштық пен қауіпсіздіктің мекені ретінде бейнелейді. Сонымен қатар, екі мәдениетте де отбасылық байланыстардың ерекше беріктігі мен маңыздылығы аңғарылады.

Ғалым Нарожная В.Д. тілдің паремиологиялық қорын лингвомәдени қауымдастықтың әлеуметтік және мәдени тәжірибесін жинақтайтын құрал, ол адамзатқа ортақ әмбебап дүниетанымда да, әр ұлтқа тән ерекше ұлттық-мәдени әлем бейнесінде де көрініс табады деп тұжырымдайды [13]. Біз де бұл көзқарасқа толықтай келісеміз, себебі тіл, қоғамның мәдениеті мен тарихи тәжірибесі арасындағы өзара қарым-қатынас шын мәнінде маңызды рөл атқарады. Тілдегі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен нақыл сөздер – халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, өмірлік ұстанымын бейнелейтін маңызды мәдени-тілдік құралдар. Осындай бірліктер арқылы белгілі бір ұғымның мағынасы тереңдеп, оның ұлттық сипаты ашыла түседі. Сол себепті *отбасы* ұғымын сипаттайтын тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді талдау – бұл концептінің мазмұны мен құндылықтық маңызын түсінуге көмектеседі. Мұндай тілдік бірліктер адамның отбасына деген қарым-қатынасын, қоғамдағы орнын, туыстық байланысты бағалауын бейнелейді.

Отбасы семантикалық өрісі:

- *Отбасылық қатынастардың өрісі:* туыс, әке, ана, күйеуі мен әйелі, жезде, жеңге, жиен, жиеншар т.б.;

- *Тұрмыстық өмір материалдарының өрісі:* үй, отау, қора, ошақ, от, түтін, дастарқан, ас, нан, киіз үй, т.б. дәстүрлі тұрмыс заттары.

- *Абстрактілі концептілердің өрісі:* ана сүті, қайраттылық, төзімділік, сабырлық, махаббат, мейірім, қамқорлық, ар, намыс, абырой, адалдық, отан, туған жер, ауыл.

Отбасылық қатынастардың өрісі:

Әкесіз жетім – арсыз жетім, анасыз жетім – шерлі жетім деген мақал - отбасының негізі – ата-ана екендігін көрсетеді. Әке мен шешенің бала өміріндегі орыны ерекше, олардың жоқтығы баланың жан дүниесінде үлкен бос орын қалдырады. Сондай-ақ, мақалда әке мен шешенің орнын салыстыру арқылы олардың өзара тең дәрежеде маңызды екендігі айтылған. Әкесіз жетім арсыз деп, анасыз жетімді шерлі деп сипаттау арқылы балалардың ең жақын адамдарынан айрылғанын, олардың болмауы баланың тағдырына теріс әсер ететінін білдіреді [14, 144 б].

Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық деген осы болар. [14, 274 б]. Бұл мақал ата-ананың еңбегі мен беделі балаларына ұзақ уақыт бойы пайда әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Яғни, егер әке жақсы атаққа, құрметке ие болса, оның баласы сол беделден ұзақ уақыт бойы пайда көре алады.

Әкенің жақындығы жездедей-ақ. Құдай алдынан берсе, жақын ғой, албетте [14, 362 б]. Бұл мақалда - қазақ қоғамында жезде тек күйеу емес, сонымен қатар қамқоршы, туыс ретінде маңызды орын алады. Жездеге деген сыйластықтың артуы, оны жақын адам ретінде қабылдау - қазақтың туыстық қарым-қатынастарының кеңдігі мен адамгершілікті жоғары қоюының көрсеткіші.

Қырық жыл қырғын болсын, туысқан қиыспайды деген рас екен-ау дедім [14, 210 б].

Бұл жерде қандай қиыншылықтар болса да, туысқандық байланыстар үзілмейді, қандық және рухани жақындық бәрінен де мықты болып қала береді дегенді білдіреді. Бұл ұғым қазақ халқының әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіндегі маңызды құндылық ретінде танылады.

Мұртазаның тұяғы [14, 223 б]. *Тұяқ* сөзінің негізгі мағынасы жануарлардың аяқтарының қатты бөлігі болғанымен, адамның ұрпағына қатысты метафора ретінде қолданылады, мысалы, *тұяқ* сөзінің қолданылуы ұрпақтың жалғасы ретінде бейнеленеді.

A family of Irish will argue and fight. But let a shout come from without, and see them all unite. Бұл мәтел ирланд отбастарының ішкі қарым-қатынасын көрсетеді. Олар бір-бірімен ұрысып немесе келіспеуі мүмкін, бірақ сыртқы қауіп немесе сын төнгенде, олар бірден бірігіп, бір отбасы ретінде әрекет етеді.

You have to do your growing, no matter how tall your father was. Бұл мәтел адамның жеке дамуы мен өз бетімен жетістікке жетуінің маңыздылығын көрсетеді. Әкесінің (немесе отбасының) беделі, табысы немесе жетістіктері қаншалықты үлкен болса да, әр адам өзіндік жолын тауып, өзі өсіп-жетілуі керек. Қазақ мақал-мәтелдерімен салыстырғанда, бұл ой - *Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер* деген ұғымға қарама-қарсы келеді. Қазақ мақалында ата-анадан үйрену маңызды деп көрсетілсе, ирланд мәтелінде өз жолынды өзің табу маңыздырақ деп айтылады.

A child without a mother, its cry is not sweet and its laugh is not happy [15]. Мағынасы: Анасыз бала жақсы көңіл-күй мен бақытты сезінбейді, оның күлкісі шынайы емес, ал жылауы мұңды. Бұл мақал ананың рөлі мен оның баласының өміріндегі маңыздылығын көрсететін мәдени ұғымдармен байланысты.

Қазақ мәдениетінде де ананың рөлі ерекше маңызға ие. Мысалы, *Анасыз бала – панасыз бала* деген мақалда ананың қамқорлығы мен сүйіспеншілігі маңызды орын алатыны көрсетіледі.

Сонымен, *отбасылық қатынастардың өрісі* қазақ және ирланд мәдениеттерінде маңызды рөл атқарады. Қазақ мақал-мәтелдерінде әке мен шешенің бала өміріндегі орны ерекше, олардың болмауы баланың тағдырына теріс әсер етеді. Ирланд мәтелдерінде де отбасы мүшелері бір-

бірімен ішкі келіспеушіліктерге қарамастан, сыртқы қауіптерге біртұтас жауап беруге дайын екенін көрсетеді. Екі мәдениетте де туыстық және отбасы қатынастары жоғары бағаланып, олардың беріктігі мен өзара қолдауы мәдениеттің негізін құрайды.

Тұрмыстық өмір материалдарының өрісі:

Өз жайлауыңда өз ақ отауыңды тіккен сенде арман жоқ, Айша [14, 126 б].

Ақ отау - қазақ мәдениетінде отбасының бейнесі ретінде, ақ отау үйі – бақытты және адал өмірдің белгісі, ешқандай жамандық пен арамдықты білдірмейді. Ақ түс – тазалық пен адалдықтың, отбасылық жарастықтың символы. Сондықтан *ақ отау тігу* дегенде, бұл тіркес адамның өзінің жеке үйін құрып, отбасын бастау, тыныш және бақытты өмір сүру деген мағынада қолданылады.

Тіркестің терең мағынасы отбасылық құндылықтар мен сүйіспеншілікке негізделген өмірді бейнелейді.

Өз үйің өлең төсегің жоқ. Әркімнің босағасында босқын сияқты болу – қорлық [14,567б]. Бұл мысалда - адамның тұрақты баспанасы болмауы туралы айтылып отыр. *Өз үйің өлең төсегің тіркесі* - әркімге туған үйі, тұрағы қымбат, адамның өз үйінде еркін, жайлы, ыңғайлы өмір сүретін орыны деген мағынада.

No matter how many rooms you have in your house, you only sleep in one bed. Бұл мақал адам өміріндегі материалдық байлықтың шектеулілігін көрсетеді. Қанша бөлмең немесе байлығың болса да, негізгі қажеттілігің тек бір төсекке ғана байланысты. Яғни, адам қанша бай болса да, оның негізгі қажеттіліктері шектеулі.

May your home be too small to hold all of your friends. Бұл тілек ретінде айтылатын мақал достықты жоғары бағалайды. Үйдің кішілігі – достардың көптігінің символы. Егер үйге барлық достарың сыймаса, бұл сенің достарыңның көп екендігін, ал олардың барлығының маңызды екенін білдіреді.

Bricks and mortar make a house, laughter of children makes a home. (қазақша аудармасы: Құрылыс материалдары үй тұрғызады, бірақ балалардың күлкісі оны нағыз үй етеді). Бұл аударма мақалдың негізгі мағынасын сақтайды: үйді жай ғана салу жеткіліксіз, оны шынайы үй ететін - ондағы балалардың қуанышы мен мейірімі. Бұл жерде *house* (үй) сөзі материалдық нысан ретінде сипатталады. Яғни, тек құрылыс материалдары мен физикалық құрылымнан тұратын орын деген мағынада, ал, *home* (үй, отбасы) сөзі эмоционалдық, рухани мағынаға ие. Балалардың күлкісі мен қуанышы жылы атмосфераны, махаббат пен өзара түсіністікті бейнелейді. Қазақ тілінде мұны *үйдің көркі* - *бала* деген ұқсас мақалмен жеткізуге болады.

Having somewhere to go is home. Having someone to love is family. Having both is a blessing. - (қазақша мағынасы: Баратын жеріңнің болуы - үй. Сүйетін адамыңның болуы - отбасы. Екеуінің де болуы – бақыт). *Home* (үй) ұғымы физикалық орыннан бөлек, қайтып оралатын қауіпсіз және жылы мекенді білдіреді. Бұл жерде қауіпсіздік, тұрақтылық, және қабылдау идеялары басым. *Family* (отбасы) ұғымы махаббат пен қарым-қатынастарға негізделген қауымдастық ретінде сипатталады. Бұл жерде жақын адамдарға деген қамқорлық пен өзара қолдау баса көрсетіледі. *Blessing* (игілік, бақыт) сөзі осы екі ұғымның үйлесімін білдіреді. Үй мен отбасыға ие болу - адамның өміріндегі ең үлкен бақыттардың бірі. *Home* және *Family* ұғымдары когнитивтік тұрғыда жылылық, қауіпсіздік, махаббат және қолдау идеяларымен байланыстырылады.

Тұрмыстық өмір материалдарының өрісі отбасы мен үйдің мәнін терең көрсетеді. Қазақ мәдениетінде *ақ отау* отбасының адал, бақытты өмірін білдірсе, *өз үйің өлең төсегің* тіркесі адамның өз баспанасы мен еркіндігінің маңыздылығын сипаттайды. Ирланд мәдениетінде де үй мен отбасы физикалық және рухани тұрғыдан өзара байланыстырылады. Бұл тұрғыда үй мен отбасы тек материалдық тұрғыдан емес, сонымен қатар адамға қажетті қауіпсіздік, махаббат және қолдау арқылы анықталады.

Абстрактілі концептілердің өрісі:

Ана сүтін ақ ішкен адал ұлға, дүниенің төрт бұрышы болар тұлға!... *Ана қарызынан қалай құтыламыз?! [14, 119 б].* Бұл нақыл сөзде қазақ мәдениетіндегі *ана, перзенттік борыш, адалдық, тұлға* ұғымдарының ұлттық дүниетанымдағы орыны жайлы ой қозғайды. *Ана сүті* – бұл тек физикалық нәр ғана емес, рухани, тәрбиелік мәні бар. *Адал ұл* – ана тәрбиесін дұрыс алған, елге пайдасы тиетін, адамгершілігі жоғары перзент бейнесі.

Отбасынан бас кетсе, қазаннан ас кетеді. Бұл мақал отбасының ішкі бірлігін, оның үйлесімділігін сақтау маңызды екенін айтады. Егер отбасы мүшелері арасындағы байланыс әлсіресе, үйдегі тыныштық пен ырыс та кетеді .

– А - а, қаһарлы дауылда қалған *байғұс балапандар*. – *Қанаттарың қатпады ғой.* [14, 103 б]. Бұл жерде қолданылған *Қанаттарың қатпады* деген тұрақты тіркес балалардың әлі жас, өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігін және қорғансыздығын көрсетеді. Бұл тіркес қазақ тілінде құстың балапандарының қанаттарының әлі қатайып үлгермегенін білдіреді. Ауыспалы мағынада - балалардың әлі есейіп, өз бетінше өмір сүре алмайтынын аңғартады.

Ананың балаларын *балапан* деп атауы және олардың *қанаттарының қатпағанын* айтуы - ананың оларды аяққа тұрғызуға деген ұмтылысын, өмірлік жолында *қолдау көрсетуге* дайын екендігін көрсетеді. Мұнда ана *махаббатының* шексіздігі мен *қамқорлығы* ерекше байқалады.

A man loves his sweetheart the most, his wife the best, but his mother the longest - бұл мәтел адамның өміріндегі махаббаттың үш түрлі аспектісін көрсетеді:

Сүйіктісіне деген махаббат - *the most* (ең көп, ең құштарлықпен). Жастық шақтағы романтикалық сезімдерге негізделген махаббат.

Әйеліне деген махаббат - *the best* (ең жақсы, ең шынайы, ең сенімді). Ерлі-зайыптылар арасындағы терең құрметке, сенімге және серіктестікке негізделген махаббат.

Анасына деген махаббат - *the longest* (ең ұзақ, мәңгілік). Бұл махаббат туылғаннан басталып, өмір бойы жалғасады. Қазақ мақал-мәтелдерімен ұқсастықтары аз болғанымен, бұл ойды *Анаға деген махаббат – мәңгілік* деген түсінікпен салыстыруға болады.

Жалпы алғанда, екі мәдениетте де отбасы мен ана ұғымдары тұлғаның қалыптасуында, өмірге деген көзқарас пен қоғамдағы орнына әсер ететін маңызды абстрактілі концептілер болып табылады. Екеуінде де отбасы мен ана махаббаты, олардың қоғамдағы ролі мен орны жоғары бағаланып, әр адамның рухани және моральдық дамуы үшін қажетті негіз болып табылады.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген деректерді талдай отырып, *отбасы* концептісінің семантикалық өрісінің кең әрі көпқырлы екендігі анықталды. Аталмыш концептінің сөздіктерде берілуі олардың биологиялық, әлеуметтік, құқықтық және мәдени аспектілерді қамтитынын көрсетті.

Қазақтіліндегі *отбасы* сөзінегізінен біргетұратын туысқана адамдардың тобы ретінде сипатталса, кең мағынада әулет, туыстық қатынастар, некеге негізделген қоғамдық институт ретінде танылады. Сондай-ақ, ол халықтық дүниетанымда отбасылық құндылықтарды, қамқорлықты, мейірімділікті, тәрбиені білдіретін ұғым ретінде көрініс табады. Әлеуметтанулық және құқықтық тұрғыдан да бұл ұғым әлеуметтік бірлік ретінде қарастырылады.

Ирланд мәдениетінде *family* сөзі де ұқсас мағыналарды қамтиды. Негізгі мағынасы ретінде ата-ана мен балаларды біріктіретін топ және туыстық байланыстарды сипаттауда қолданылатыны байқалады.

Көркем әдебиеттегі талдаулардан *отбасы* концептісінің қазақ және ирланд халықтарында ерекше мәнге ие екенін байқауға болады. Мысалы, Шерхан Мұртазаның *Ай мен Айша* романында ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, қамқорлық, қорғану сезімдері арқылы *отбасы* концептісінің ұлттық дүниетанымдағы көрінісі айқын көрсетілген.

Қазақ және ирланд мәдениеттерінде «отбасы» концептісі терең тарихи және мәдени негізі бар ұлттық дүниетанымның ажырамас бөлігі ретінде көрініс табады. Қазақ мәдениетінде бұл ұғым рухани байланыс, дәстүр сабақтастығы және ұрпаққа тәлім беру идеясымен астасса,

ирланд мәдениетінде отбасы – еркіндік, жауапкершілік және тұлғалық қалыптасудың негізі болып табылады.

Сонымен қатар, қазақ және ирланд мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестерінде *отбасы* концептісі туыстық қатынастардың маңыздылығы, ата-ананың балаға деген қамқорлығы және тұлғалық дамуға деген ықпалы арқылы көрініс табады. Зерттеу қазақ халқында ата-ана мен бала арасындағы мейірімділік, үлкенге құрмет, бірлік пен ұрпақтар сабақтастығы ерекше орын алатынының көрсетті. Ал, ирланд мәдениетінде отбасылық жылулық, дәстүрге адалдық, ата-баба мұрасына құрмет және тұлғаның дербестігі басты құндылықтар ретінде сипатталатыны байқалды.

Екі мәдениетте де ананың рөлі айрықша бағаланады, ал отбасының бірлігі мен өзара түсіністігі - мәдениеттің басты құндылықтарының бірі. Осылайша, *отбасы* концептісі әр халықтың мәдени-тілдік дүниетанымындағы өзіндік ерекшеліктерін айқындап, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстырмалы талдау арқылы ашуға мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / ред. басқ. Кеңесбаев І. К.; құраст.: Ш. Ахметова [ж.б.]; Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі институты. – Алматы: Ғылым, 1961. – 259 б.

[2] Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2007. – 344 б.

[3] Құлманов С. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2009. – 344 б.

[4] Бизаков С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 640 б.

[5] Oxford University Press. Family // Oxford English Dictionary. <https://www.oed.com> 15.03.2025

[6] Колесов В. В. Концепт культуры: образ – понятие – символ // Вестник СПбГУ. – 1992. – Сер.2. Вып. 3 (№16). – С. 16–25.

[7] Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка, событие, факт. – М.: Наука, 1988. – 339 с.

[8] Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, Ғылым, 1998. – 195 б.

[9] Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики. – Астана, 2010. – 199с.

[10] Курманбаева Д.Т. Когнитивная основа реализации жанровых признаков романа (на примере произведения Кадзуо Исигуро «Never Let Me Go» и «The Buried Giant»): диссертация на соискание степени PhD. / Курманбаева Д. Т. – Алматы, 2022. – 163 с.

[11] Alefirenko N.F., Stebunova K.K. Linguistic World Picture:

Logoepisteme - Domain -Linguocultureme // Theory and Practice in Language Studies. – 2015. – Vol. 5, No. 1. – P. 1–6. DOI: 10.17507/tpsls.0501.01.

[12] Irish Central. Irish sayings about family. <https://www.irishcentral.com/culture/irish-sayings-family>. 08.04.2025

[13] Нарожная В.Д. Соотношение языка и культуры: аспекты межкультурного восприятия и взаимодействия // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы. Серия: Филология ғылымдары. – Алматы: Полилингва, 2020. – №4 (59). – Б.13–24.

[14] Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы: Дария, 2021. – 354 б.

[15] Marcas Mac Coinnigh. Syntactic Structures in Irish-Language Proverbs. <https://www.example.com/irish-proverbs-syntax> 08.04.2025

REFERENCES

[1] Qazaq tilinin tusindirme sozdiri [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]; red. basq. Kenesbaev I. K.; qurast.: Sh. Ahmetova [j.b.]; Qazaq SSR Gylym akademiyasy, Til bilimi in-ty. – Almaty: Gylym, 1961., 259 b. [in Kaz.]

[2] Aleumettanudin tusindirme sozdiri [Explanatory Dictionary of sociology]. – Almaty: Sozdik-slovar', 2007. – 344 b. [in Kaz.]

[3] Qulmanov S. Orysssha-qazaqsha terminologualyq anyqtamalyq sozдіk (halyqty jumyspen qamtu jane aleumettik qorgau salasy) [Russian-Kazakh terminological reference dictionary (sphere of employment and social protection of the population)]. – Almaty: Memlekettik tildi damytu ortalygy, 2009. – 344 b. [in Kaz.]

[4] Bizaqov S. Sinonimder sozdigi [Dictionary of synonyms]. – Almaty: Arys baspasy, 2007. – 640 b. [in Kaz.]

[5] Oxford University Press. Family // Oxford English Dictionary. <https://www.oed.com> 15.03.2025

[6] Kolesov V. V. Koncept kul'tury: obraz – poniatie – simvol [The concept of culture: image – concept – symbol] // Vestnik SPbGU. – 1992. – Ser.2. Vyp. 3 (№16). – S. 16–25. [in Rus.]

[7] Arutuynova N.D. Tipy iazykovykh znachenii: Otsenka, sobytie, fakt [Types of linguistic meanings: Assessment, event, fact]. – M., 1988. – 339 s. [in Rus.]

[8] Smagulova G.N. Magynalas frazeologizmdirdin ulttyq-madeni aspektileri [National and cultural aspects of semantic phraseology]. – Almaty, Gylym, 1998. – 195 b. [in Kaz.]

[9] Isabekov S. E. Osnovy kognitivnoi lingvistiki. – Astana, 2010. – 199 s. [in Rus.]

[10] Kurmanbaeva D. T. Kognitivnaia osnova realizatsii zhanrovyykh priznakov romana (na primere proizvedenii Kadzuo Isiguro "Never Let Me Go" i "The Buried Giant") [Cognitive foundations of implementing novel genre features (based on the analysis of "Never Let me Go" and "The Buried Giant" by

Kazuo Ishiguro)]: dissertatsiia na soiskanie stepeni PhD. – Almaty, 2022. – 163 s. [in Rus.]

[11] Alefirenko N. F., Stebunova K. K. Linguistic World Picture: Logoevisteme - Domain -Linguocultureme // Theory and Practice in Language Studies. – 2015. – Vol. 5, No. 1. – P. 1–6. –DOI: 10.17507/tpls.0501.01.

[12] Irish Central. Irish sayings about family. <https://www.irishcentral.com/culture/irish-sayings-family> 08.04.2025

[13] Narozhnaya V.D. Sootnoshenie yazyka i kul'tury: aspekty mezhkul'turnogo vospriyatiya i vzaimodejstviya [The relationship between language and culture: aspects of intercultural perception and interaction] // Abylay han atyndagy Qazaq halyqaralyq qatynastar zhəne alem tilderi universiteti Habarshysy. Seriya: Filologiya gylymdary. – Almaty: Polilingva, 2020. – №4 (59). – B13–24. [in Rus.]

[14] Murtaza Sh. Ai men Aisha [The moon and Aisha]. – Almaty: Dariia, 2021. – 354 b. [in Kaz.]

[15] Marcas Mac Coinnigh. Syntactic Structures in Irish-Language Proverbs [Electronic resource]. <https://www.example.com/irish-proverbs-syntax> 08.04.2025

КОНЦЕПТ *СЕМЬЯ* В ИРЛАНДСКОЙ И КАЗАХСКОЙ ЯЗЫКОВЫХ КАРТИНАХ МИРА

*Тортай Ш.А.¹, Розиева Д.С.²

*^{1,2}Казахский университет международных отношений и
мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются лингвокультурные особенности концепта семья в казахской и ирландской культурах посредством сравнительного анализа. Актуальность исследования заключается в необходимости осмысления языковой картины мира через изучение места и языкового выражения понятия *семья* в культурах двух народов, а также раскрытие национального мировоззрения и системы ценностей.

Цель исследования – определить содержательную структуру, семантическое поле, культурно-языковые особенности концепта «семья» в казахской и ирландской культурах, а также выявить их сходства и различия.

В исследовании применены методы лингвокультурного и сравнительного анализа, позволившие установить структурные и смысловые особенности концепта *семья* в культуре двух народов. В качестве материала использовались толковые и терминологические словари, казахские и ирландские пословицы, изречения и фразеологизмы. На основе словарей было выявлено широкое семантическое поле понятия *семья*, включающее

биологические, социальные, правовые и культурные аспекты.

Также в работе дан обзор научных основ и теоретических аспектов понятия *концепт*, которое определяется как ментальная структура, аккумулирующая исторический, культурный и языковой опыт конкретного народа.

Концепт *семья* в казахской и ирландской культурах рассмотрен через три семантических поля: семейные отношения, элементы бытовой жизни и абстрактные понятия. В обеих культурах семья предстает символом любви, единства, заботы и духовной связи. При этом в казахской культуре акцент делается на семейное единство, уважение к старшим, верность традициям и преемственность поколений, тогда как в ирландской культуре преобладают ценности самостоятельности, свободы, личной ответственности, семейного уюта, единства и безопасности. Результаты анализа показали, что концепт *семья* является важной составляющей национального культурного мировоззрения.

Результаты статьи представляют теоретическую значимость для исследований в области когнитивной лингвистики, этнолингвистики и лингвокультурологии. Практическая ценность работы заключается в возможности использования полученных данных при изучении концептов в рамках курсов по сопоставительной лингвистике, семантике и культурологии, а также при подготовке учебных материалов для дисциплин гуманитарного цикла.

Ключевые слова: семья, концепт, национальное мировоззрение, казахская культура, ирландская культура, языковая картина мира, пословицы и поговорки, семантическое поле

CONCEPT OF *FAMILY* IN THE IRISH AND KAZAKH LINGUISTIC PICTURES OF THE WORLD

*Tortay Sh.A.¹, Roziyeva D.S.²

*^{1,2} Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article examines the linguocultural features of the concept of *family* in Kazakh and Irish cultures through comparative analysis. The relevance of this study is in the need to comprehend the linguistic picture of the world by studying the role and linguistic representation of the concept of *family* in the cultures of the two nations, as well as in revealing their national worldviews and value systems.

The purpose of this research is to identify the content structure, semantic field, and cultural-linguistic characteristics of the concept of *family* in Kazakh

and Irish cultures, as well as to highlight their similarities and differences.

The study employs methods of linguocultural and comparative analysis, which made it possible to determine the structural and semantic features of the concept of *family* in both cultures. The research material includes explanatory and terminological dictionaries, Kazakh and Irish proverbs, sayings, and phraseological units. Based on these sources, a broad semantic field of the concept of *family* was identified, including biological, social, legal, and cultural aspects.

The article also provides an overview of the scientific foundations and theoretical aspects of the notion of *concept* which is defined as a mental structure that accumulates the historical, cultural, and linguistic experience of a particular people.

The concept of *family* in Kazakh and Irish cultures is analyzed through three semantic domains: family relationships, elements of everyday life, and abstract notions. In both cultures, the family appears as a symbol of love, unity, care, and spiritual connection. However, Kazakh culture emphasizes family unity, respect for elders, adherence to traditions, and generational continuity, whereas in Irish culture values such as independence, freedom, personal responsibility, family comfort, unity, and security are highlighted.

The results of the analysis demonstrate that the concept of *family* is an essential component of the national cultural worldview.

The findings of the article have theoretical significance for research in the fields of cognitive linguistics, ethnolinguistics, and linguoculturology. This study has practical value through the use of its findings in teaching and researching concepts in comparative linguistics, semantics, and cultural studies, and in creating instructional resources for humanities subjects.

Keywords: family, concept, national worldview, Kazakh culture, Irish culture, linguistic worldview, proverbs and sayings, semantic field

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 08.04.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Тортай Шұғыла – PhD докторанты, «8D02322-Шетел филологиясы», Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: tortay.sh@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-0323-5107>

Розиева Дильфуза Сельмахуновна – PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: rsdiluza@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1581-9513>

Информация об авторах:

Тортай Шұғыла – PhD докторанты, «8D02322-Шетел филологиясы», Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: tortay.sh@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-0323-5107>

Розиева Дильфуза Сельмахуновна – PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: rsdiluza@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1581-9513>

Information about the authors:

Tortay Shugyla – PhD Candidate, «8D02322-Foreign Philology», KazUIRWL named after Ablai khan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: tortay.sh@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-0323-5107>

Roziyeva Dilfuza – PhD, Associate Professor, KazUIRWL named after Ablai khan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: rsdiluza@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1581-9513>